

Қазақстан Республикасы, 1050068,
Астана қаласы, Есіл ауданы,
Мәңгілік Ел даңғылы, 52 А ғимарат,
3 қабат.
Тел: 8 778 632 22 28
e-mail: zhanat_kz@mail.ru

Корпоративтік қор «Жас геолог»



Корпоративный фонд «Жас геолог»

Республика Казахстан, 1050068,
город Астана, район Есиль,
пр. Мангилик Ел, 52 А,
3 этаж.
Тел: 8 778 632 22 28
e-mail: zhanat_kz@mail.ru

№ 80 - 26.11.2025 ж.

IESO 2026 Халықаралық олимпиадасына іріктеу туры

«Жас геолог» корпоративтік қоры IESO 2026 алдағы Халықаралық олимпиадасына іріктеу турының басталғанын хабарлайды. Қордың негізгі міндеті — ерте кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізу, Республикалық және халықаралық далалық жас геологтар олимпиадаларын ұйымдастыру және өткізу, жас геологтар үйірмелерінің желісін кеңейту, талантты жастарды қолдау. IESO олимпиадаларының 2015–2025 жылдардағы жетістіктерімен <http://zhas-geolog.kz> сайтынан танысуға болады.

IESO (International Earth Science Olympiad) — жыл сайын өткізілетін Жер туралы ғылымдар бойынша халықаралық олимпиада. Олимпиада геология, геофизика, метеорология, океанография, астрономия сияқты пәндерді қамтиды. Мұндай іс-шараларға қатысу жас геологтардың жаңа буынын даярлауға және қалыптастыруға зор әсерін тигізеді, оқушылардың көзқарасын кеңейтіп, мемлекеттер арасындағы достық қатынастарды нығайтады әрі Қазақстанның халықаралық имиджін ілгерілетуге ықпал етеді.

Келесі IESO 2026 олимпиадасы 2026 жылғы 20–27 тамыз аралығында Италияның Турин қаласында өтеді. Команда қатысушылары іріктеу сынақтары арқылы анықталады. Іріктеу турларына жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушылары, жас геологтар үйірмелерінің мүшелері, Республикалық жас геологтар олимпиадаларының және Жер туралы ғылымдар бойынша басқа да жарыстардың жеңімпаздары мен қатысушылары, ағылшын тілін жетік меңгерген оқушылар қатыса алады.

Іріктеу қорытындысынан кейін жеңімпаздар олимпиадаға дайындық іс-шараларына қатысады. Толық ақпарат хатқа қоса берілген қосымшада көрсетілген.

Құрметпен,
«Жас геолог»
КҚ директоры



Ж. Исмаилова

Қосымша I

I. Іріктеу турының өткізілу мерзімі мен тәртібі

Іріктеу турын «Жас геолог» КҚ ресми сайтында осы хат жарияланған сәттен бастап 2026 жылғы 24 қаңтарға дейін білім беру мекемелері өз бетінше ұйымдастырады және нәтижелерді анкета түрінде жібереді. Бір мектептен 4 үздік кандидаттан артық қабылданбайды.

Келесі іріктеу кезеңіне қатысуға өтінімдер 2026 жылғы **24 қаңтар күні Астана уақытымен 12:00-ге дейін** қабылданады. Қате толтырылған, дұрыс емес мәліметтері бар, бөгде электронды мекенжайлар мен телефон нөмірлері көрсетілген өтінімдер, сондай-ақ 12:00-ден кейін түскен өтінімдер қарастырылмайды.

II. Қатысушыларға қойылатын талаптар

Қатысуға Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінің, лицейлер мен гимназиялардың 9–11 сынып оқушылары жіберіледі. Геология және оған жақын ғылымдарға қызығушылық танытқан оқушыларға басымдық беріледі. Артықшылық активті түрде жас геологтар үйірмесіне қатысатын, Республикалық далалық олимпиадалар мен профильдік іс-шаралардың қатысушыларына және оқу орнынан оң мінездемесі бар үміткерлерге беріледі.

III. Қатысу шарттары

Іріктеу турына қатысу тегін.

Оффлайн форматтағы іріктеу Астана қаласында, Назарбаев Университеті базасында өтеді.

Төрешілер алқасының құрамы:

- IESO 2026 олимпиадасына ҚР құрамасының қатысуын ұйымдастырушы — «Жас геолог» корпоративтік қоры;
- Олимпиада сапарының бас демеушісі — «Shakhmardan Yessenov Foundation» ғылыми-білім беру қорының өкілдері;
- Назарбаев Университетінің профессорлары.

Өткізу күні:

28 ақпан 2026 ж.:

- 11:00 — тест
- 13:00 — қорытынды шығару, келесі турға өту (10 қатысушы)

01 наурыз 2026 ж.:

- 11:00 — сұхбат және практикалық тест, нәтижесінде 4 финалист анықталады

Өткізу орны:

ҚР, Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы 53, Тау-кен ісі мектебі
(кабинет нөмірі кіреберісте, ресепшенде көрсетіледі)

Астанаға дейінгі жолақы, 1–2 тәулікке арналған тұру және тамақтану шығындары қатысушылар есебінен. Шақырылатын шараға кешікпеу үшін жол билеттерін алдын ала сатып алу қажет. Көлік кешігуі және басқа себептер бойынша кешіккендер іріктеу турына кіргізілмейді.

Іріктеу турының өткізу форматы

28.02.2026

10:00 – қатысушыларды тіркеу

10:30 – нұсқаулық

11:00–12:00 – тест

13:00 – қорытынды шығару, 10 жартылай финалистің жариялануы

14:00 – Назарбаев Университетіне экскурсия

01.03.2026 — финал

10:00 – тіркеу, нұсқаулық, жеребе

11:00 – сұхбат және практикалық тест

Тест аяқталғаннан кейін нәтижелер жарияланады.

Іріктеу турының қорытындысы бойынша 2026 жылғы 20–27 тамызда Италияның Турин қаласында өтетін IESO 2026 Халықаралық олимпиадасына қатысатын Қазақстан Республикасының ұлттық командасы жасақталады.

IV. Тіркелу және байланыс мәліметтері

Тіркелу үшін қор сайтында берілген сілтеме арқылы қатысушының электронды анкетасын толтыру қажет: ☐ <http://zhas-geolog.kz>. Толтырылған анкета төмендегі электрондық мекенжайларға жіберіледі:

e-mail:

zhanat_kz@mail.ru

zhanatismail2020@gmail.com

Байланыс телефондары / WhatsApp:

+7 (778) 632-22-28 — Жанат Қабиевна Исмаилова,

«Жас геолог» КҚ директоры

+7 (707) 888-78-87 — Алтынай Өміржанқызы Қашкимбаева,

«Жас геолог» КҚ менеджері

Application for participation in qualifying round of IESO 2026

(Last name and first name must be written exactly as in passport – in Cyrillic and in Latin. For example: Исмаилова/Ismailova, Динара/Dinara)

	Last name	
	Name	

Date of birth (day/month/year)	
School, Grade	

City	
Telephone (WhatsApp)	
e-mail (student's personal)	

<i>Date of signing</i>	
------------------------	--